


891.49
СЧ6
Код. 36

Вадим Скомаровский

Нұрлы жаныбай

Архивтік кор.
Архивный фонд



Вадим Скомаровский
Журлы
Жсаныбыр



Өлеңдер мен поэма

Лударған — Жарасқан Әбдірәшев



АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1986


Пікір жазған — Әлсейіт Ақпанбетов

*Украин ақыны
B. Скомаровскийдің
бұл кітабына енген өлеңдері
туған жер мен табиғат, көңілді
де қуанышты бұлдіршіндер жөнінде.
„Тарастың құстары“ атты поэмада
ұлы кобзарь Тарас Шевченконың
біздің өлкемізде—Маңғыс-
тауда откен өмірі
арқау болған.*

C $\frac{4803010102-118}{408(05)86}$ 99-86

(C) Казақша аудармасы, «Жалын» баспасы — 1986

81345



ЖҰЛДЫЗША

«АВРОРА» КРЕЙСЕРІ

Ленинград. Жатыр Нева мөлдіреп,
«Аврора» жағалауда тұр асқак...
Бір кездері атылғанмен зенбірек,
Оның даусы бүгінгіге келді үде,
Оның даусы көрген емес толастап.

Адамзатқа жол сілтеді ерек тым
«Аврора» даусыменен айбатты!..
Жариялад ол өкіметтің Советтің,
Жер жиһанды жауып алған түнектің
Төбесінде отты жасын ойнатты.

Теңізшілер түскенменен кемеден,
Ол мәңгілік сапарға бет алышты.
Құрметтейді барлық құрлық, бар әлем,
Теңіз — жылдар толқынына бөлеген
«Аврора» крейсерін даңқты.

АЛ ҚЫЗЫЛ ҚҮЛТЕ

Ал қызыл күлте. Ол бейне
Ал қызыл оттай лаулайды!
Ал қызыл күлте, ал кейде
Ал қызыл гүлден аумайды.

Халықтық ұлы тойларда
Ал қызыл жалын атады.
Жалаулар қанат жайғанда,
Жалаулар қанат жайғанда,
Жарасып батыр ұл-қызға,
Ұқсайды сол сәт жүлдyzға.

Суретін көрсөң досындей,
Шашатын көзі кіл ұшқын,
Жайнайды күлте осындей
Омырауында Ильичтің!

МОСКВАДА БОЛҒАНДА

Алғаш рет Москваға келгенде,
Жақын барып Мавзолейді көргенде,
Таңдай қағып,
Таңырқадым тамсана,
Қайран қалып,
Қарай бердім соншама,
Бұрын маған жете таныс болса да,
Бұрын маған өте таныс болса да.

Өңкей қызыл граниттен өрілген
Қабырғаға жазылыпты «Ленин» деп.
Бұдан асқан —
Бар ма, сірә, ұлылық,
Суық тастан —
Есіп түрдү жылдылық.
Жылтытады ол жаңа үрпақтың реңін,
Жылтытады ол сан үрпақтың жүрегін!

МЕРЕКЕЛІК МОНШАҚТАР

Қақты тулар қанатты,
Шыктық біздер шат күліп.
Қызықтадық парадты,
Мерекелік сап құрып...

Тұр қаз-қатар тал, тегі,
Сияқты бір ертегі...
Бір-бірімен жарысып,
Жатты көкке шар ұшып.—
Ұқсады олар сол шақта —
Мерекелік моншаққа...

ЖҰЛДЫЗША

Өсіп қалды Алёнка,
Мектепке өзі барады.
Октябрят — ол енді,
Жұлдызшасын тағады.

Келмейді әсте ұрыскың,
Көңілді еді ол қандай.
Кремльден бір ұшқын
Кеудесіне қонғандай!..

ПИОНЕРЛІК ҚЕРУЕН

1

Сілтеді вокзал сара жол,
Жылжыды поезд, жүрді алға.
Уралға дейін барады ол,
Барады сосын — Ургалға.

— Қелемін,— дейді,— асығып,
Телегей теңіз тайгаға.
Бағдаршам тұрсын ашылып,
Алдынан менің қайда да!

Бағдаршам жалт-жұлт қарасып,
Жап-жасыл көзін жағады:
— Керуенге мұндай жол ашық,
Кідіріп көрген жоқ әлі.

Қарайды түнгі жайнап от:
— Барасың қай-да-а?
— Қай-да-а? — деп.

Керуені пионерлердің,
Шаттанып, шалқып, қуанып,
Мекені бүгінгі ерлердің —
Барады БАМға жүк алып.

2

Жетсе поезд Ургал менен Тындаға,
Жайнатады жатқан алыс өңірді ол.
Темірлерден мына біздер жинаған,
Солай қарай салынуда темір жол.

Бір кездері тайгаменен қауышып,
Бақыт жолы болады әлі бұл мәңгі.
Оның сонда тынбай сазды дауысы
Салады еске пионерлік жылдарды.



ТАҢ НҰРЫ

Міне, өзені Москвандың.
Аңдап соның басты маңын.
Күлімдеді, күлді сосын,
Тағы ілгері журді сосын.
Сұлұлықты жынып өңі,
Адымдары жиіледі...
Астананы алаулы шақ
Қетті аралап, жалау құсал!

АТТЫ ӘСКЕР

Далада түнеп,
Жұрсе де жүдеп,
Атты әскер шырқап айтады ән:
— Қырамыз біздер,
Жоямыз біздер,
Жолықса дүшпан қайтадан!

Жолдарын тосқан,
Жолықты дүшпан,
Ойнатты қылыш от кенет!
Болса да күндіз,
Жарқылдаң жүлдyz,
Басталып кетті жекпе-жек.

...Үндеңей, достар,
Өткенге көз сал,
Мынаны, бірақ қатты ескер:
Айқасты солай,
Шайқасты солай,
Женімпаз біздің атты әскер.

Ойламай қауіп,
Барады шауып,
Жапанда шексіз шан ұшқан...
Сыйлайды мұң бір,
Қаққанда сыңғыр
Үзенгі даусы алыстан...

ӘСКЕРИ ҚҰПИЯ

Офицер боп өседі ағам,
Курсант қазір, әрине.
Құтіп алам босағадан,
Оралғанда ол үйге.

Келіп-ақ жүр аса көргім,
Қандай екен құт ұя.
Саяал қойсам —
Басады ернін,
Деп: — Әскери құпия!..

Қемектесті теледидар,
Оны қалай кеш көрдім...
Берілді бір жаңа хабар
«Ойынынан» әскердің...

Ойлы, қырлы, жарлы жерді
Теп-тегіс қып жіберіп,
Танк деген — арлы-берлі
Өрмекшідей жүр өріп...

Көтерілген шаңды о жақтан
Тұтін басты...
Жанды олар.
Сірә, соны дәлдеп атқан —
Өзі мерген, ер болар...

Шынында да, тұралата
Кім атқанын аңдаппын.
Жүр қолында граната —
Курсанттар мен солдаттың.

Кірмеді олар енді «оыйнға»,
«Тоқтат!» деген сөз бардай.
Танктер де сол бойында
Тұрып қалды қозғалмай.

Сап тұзеді кілең батыр,
Сұңғақ бойлы, денелі...
Арасында — ағам да тұр,
Тани кеттім мен оны!

Одан қалай көзімді алам,
Қарайды үнсіз жымия...
Дейтіндей ол қазір маған:
«Тс-с. Әскери құпия!..»

Автоматы шаң ғой әлі,
Елтеп сілкіп, қағады.
Ағам менің — қандай әні,
Мен сыйлаймын ағаны...

БҰЛБҰЛДАР

(Теңізшінің әңгімесінен)

Тосыннан бір алай-тұлей пайда боп,
Екі тәулік тентек теңіз сызданды.
Ал аспанда — жұлдыз да жок, ай да жок,
Айналаны басты мұнар ызғарлы...

Тек үшінші тәуліктे әрең ашылды,
Баяу ғана демін алды толқындар.
Толқындарға ағыл-тегіл шашылды
Құн көзінен түскен сансыз алтындар.

Сонда барып арт жағынан кеменің
Тауып алдық қалған тоңып қос бұлбұл.
Болсын ба онай алай-тұлей дегенің,
Ұша берген сияқты олар көзсіз күр.

Тағдыр сонша неткен қатал, неткен жау,
Адастырған сол бір екі сорлыны...
Түстеріне еніп кейде бақ пен бау,
Елестеді-ау, кейде, бәлкім, жер жылы.

Бәйек болып көрмеп едік көп ондай,
Аялаумен аластадық қырсығын...
Сезіндік біз қолымызбен добалдай,
Күйттай-қүйттай жүректердің дүрсілін.

Жылы кезі оралғанда жылдың дәл,
Каршагұлдер қылтиғанда жайлауда,
Кемемізден кетті самғап бұлбұлдар,
Баққа барып емін-еркін сайрауға...





ДАЛА ҚОНЫРАУЛАРЫ

БІЗДІҢ ЖАҚТА ТЕҢІЗ ЖОҚ ПА?

Айналаға сүйініп бір,
Атам мұртын шиырып тұр:

— Біздің жакта,
Теңіз жоқ па?..
Ондай сөзге келіспе! — деп.
— Қарасанышы егіске! — деп.—
Тұр ғой дала дәнге тұнып,
Теңіз құсан — тербетіліп!..

БИІК ЕГІН

Биік егін көрдің бе?
Биік биыл ол мұлде!
Суреттейін оны мен:
Сондай сұлу желкілдеген желегі.
Ол көкемнің белінен,
Ал ағамның иығынан келеді...
Көргенімді,
Білгенімді жасырман —
Менен биік, асады ол басымнан!

САМАЛ

Қоңыр самал қырда жаяу желеді,
Одан дәйім дәннің ісі келеді.
Жүрген сонау егістіктің шетінде,
Ол көкемнің аймалайды бетін де.

ОРАҚ КЕЗІНДЕ

Аянам ба?..
Оянам да
Атқан кезде құліп таң,
Зерең сынды,
Терен сулы
Қауға тартам құдықтан!
Су алып бір,
Қуанып бір
Шөл басамын өзім де.
Керілмеймін,
Ерінбеймін
Мен орактың кезінде.

ДАЛА ҚОҢЫРАУЛАРЫ

Қыр басында тұрдым көп,
Құлағымды түрдім кеп:
Күңгір-күңгір,
Күңгір деп,
Дүңгір-дүңгір,
Дүңгір деп,
Күні бойы жан-жағың
Жатады екен күмбірлеп!

Суарғалы қойларын
Айдал Панаң өткенде,
Жакұт па деп ойладым
Түскен шықты шөптерге.

Қозылардың мойнында
(Жоқ маңырау, жамырау!)
Дегендей бір «қой мұнда»,
Күмбірлейді қоңырау.

Ауыл сыртын көргің кеп,
Араласаң бір күн кеп:
Күңгір-күңгір,
Күңгір деп
Дүңгір-дүңгір,
Дүңгір деп
Күні бойы жан-жағың
Жатады екен күмбірлеп!



ЖЕЛІ

— Жайымды үғын, жел, менің,—
Деді бидай, мұңлышым,—
Сондай қатты шөлдедім,
Салқын су бер бір жұтым.

Жомарт көңіл жел мықты,
Толы күші бойда әлі,
Маңып жүрген сүр бүлттү
Алдына сап айдады...

Суыктық бар түсінде,
Су берер ме тез, оңай.
Жабағы бұлт ішінде
Жатты бұғып нажағай.

Міне, жасын жарқ етіп,
Құркіреді кенет көк.
Құйды нөсер селдетіп,
Құйды нөсер шелектеп!

ЖҰЗІМ

Жұзім жерден өнгеннен-ақ бір түрлі
Әлдекайда, жоғарыға ұмтылды.
Ең әуелі отыратын дем алып,
Орындыққа жылан құсап оралып,
Сатыменен кеткен еді өрмелеп,
Одан кейін файып болды ол кенет.
Ал одан соң тауып оңай тәсілді,
Ауладағы жұксарайға асылды,
Одан кейін бұтағымен бір күшті,
Үлкен үйдің төбесіне тырмысты.
Сол төбеде біреу күтіп отыр ма,
Ширатылып шықты ақыры шатырға,
Содан кейін төмен түсіп ол бірак,
Тереземнен тұрды қарап салбырап.
Жұзім деген күннен-күнге нұрланып,
Қоз алдында жалт-жұлт етіп тұр жанып,
Кейде тіпті болады оны жел үзбек:
«Тартынбаңыз, жеңіз, жеңіз! Жеңіз!» — деп.

ӘН

Ән басынан кешіреді сан күйді,
Кәрі үйенкі ойға батып әр қылышы,
Үй алдында қалғиды.

Аумай кейде сылдыраған бұлактан,
Мына бізге асығады жырақтан,
Кетпейді үні құлақтан.

Кей уақытта етеді де бізді ұмыт,
Кей уақытта сияқтанып ізгі ұміт,
Естіледі үздігіп.

Дұрыс шығар сыртқа шығып сілкінген,
Әнімменен көп кешіккен, іркілген,
Кездесермін мүмкін мен.

НҰРЛЫ ЖАҢБЫР

Нұрлы жаңбыр құйылды,
Қалды сергіп ойлы өңір.
Кемпірқосақ иілді
Көпір құсап бейне бір.

Күркіреген тағы да
Құн бе десем,
немене?..
Көлдің арғы жағында
Алып состав келе ме?

Ақ айдынды тұс, міне,
Беріп сәлем секілді үн,
Шықты заулап үстіне
Кемпірқосақ-көпірдің.

Мұндай поезд кім көрген,
Жолын нұрмен аршығыш...
Келеді онда гүлдер мен
Жасыл орман, әнші құс.





ТАРАСТЫН ҚҰСТАРЫ

поэма

Ләйлек

Кеудесіне құс қонып бір,
Жатыр Таras түс көріп бір.
Моринцыда¹ келеді екен,
Келеді екен, далада кен.
Көріп жүдеу хatalарды,
Ол ішінен қапаланды.
Бәрі кенет түсіп еске,
Ұқсатпады — түсіне әсте.

¹ Моринцы — Таras Шевченконың туған селосы


Ауыл сырты — қолат, егіс,
Ал одан соң дала тегіс,
Суарылған көз жасына,
Кездері оның аз ба, сірә.
Аңыз кешкен жалаңајқ
Жүзі таныс баланы аяп,
Дейді Тарас: — Анаң қайда,
Камкор болар панаң қайда?

Жүзі сәл-пәл жалқынданып,
Жанар оты жарқыл қағып,
Момынсынбай қысылып құр,
Мұнның бұлттын ысырып бір:
— Анаам ауырып қалды,— деді.
— Экемді ажал алды,— деді.
— Қарындасты Иринканы
Пан жұмысқа салды,— деді.

Содан кейіп ол асыға,
Қалың егін арасына —
Бір-ақ сәтте бетті бұрып,
Ізсіз-түзсіз кетті кіріп.
Қас пен көздің арасы еді,
Құс па деді Тарас оны...
Қанат қағар талмай көкте,
Ұқсатты бір ақ ләйлекке.

Көрінді оған ұшатындей,
Жер-дүниені құшатындей.
Жарып өтіп акша бұлтты,
Аралап сан патшалықты,
Белгісіз бір елге барып,
Ана ауруын емдер анық,
Неше түрлі дәрі алардай.
Сосын қайтып оралардай.

Түсіне енді тағы да оның
Алтын астық қалың егін...
Түсіне енді думанды елі,
Туған ауыл, туған жері.



Сол құс қайтып оралынты,
Сүйсіндіріп дала құтты,
Отыр керім күйге қанып,
Қос қанатый жинап алыш...

Baқ

— Тұр, ағатай! Тұр тезірек! —
Деп бір бала түйгіледі.
— Қызбағанмен күн әзірге,
Сәлден кейін күйдіреді.

Айықпай тұс әсерінен,
Сондай мөлдір, сондай керім,
Тұрып Тарас тәсегінен:
— Сен бе,— деді,— ақ ләйлегім?

Қамап алған қайдағы елес,
Оның сөзін ұға алмай дым:

— Жок, ағатай, ләйлек емес,—
Деді бала,— Тұманбаймын!

— Тоқта! Қешір! Тұсін, балам,
Не көрмейді тұсінде адам.—
Деп Шевченко құлімдеді...
— Қате болды-ау, мұным,— деді.

Шығып еді жайлап тысқа,
Тастап олар жеркепені...
Жан-жағында сайрап құстар
Жасыл бақты тербетеді...

Жас шиенің жапырағы
Таңғы самал өпкенде аз-ақ
Сыбырлайды. Жапанға бұл
Бақ өсіру — неткен ғажап!

Тұр құлпыртып атырапты,
Құмға тамыр жайып терең...
Астраханьнан топырақты
Әкелген-ді қайықпенен.

Құрғақ қиял болар деген,
Жеміс бермей, солар деген...
Ол күн казір қалған жырақ.
Қол бұлғаса алдан мұрат —
Жұз жыл соққан алапаттан
Құшті екен ғой арман бірак!

Құмның ішін аңша ұлытты,
Алмай боран, тіпті толас...
Әр бұтақты, әр шыбықты
Тыным көрмей күтті Тарас.

Қысы қатал со бір тұзде,
Қалмады өліп талы бір де.
Жапырақтар бетінізден
Сипалайды әлі күнге!

Бозқарағай

Тұман тарап кезге таман
Түрегелсе дөң ғажайып...
Қөлбендейді бозқараған
Қөлеңкесін жолға жайып.

Сұлу бар ма асқан одан,
Бұрым-бұтак, тұнық бір ән...
Қалай ғана өскен аман,
Шыбық емес, шыбыртқыдан!

Естелік қой енді өткен күн,
Түршіккенмен бәрін көріп.
Ол ойнады жендеттердің
Қолдарында қару болып.

Солдатты олар малша ұрыпты,
Бойда жігер қалдырмасқа.
Бірақ, бірақ сол шыбықты
Тұрды күтіп тағдыр басқа.

Жолықты да бір жанға өзге,
Жапан түзге берді көрік.
Сүргін көріп жүрген кезге
Қалды мәңгі белгі болып.

Тарас еді ол! Кобзарь-ақын
Қалай келдің, қайдан мұнда?
Сөзің жақпай патшаға тым,
Солдаттыққа айдалдың ба?

Қыыр шетте сорын болды, ә,
Қыдындаған мас капрал...
Жеттің алғаш Орынборға...
Ор, Райым, сосын Арал.

Жолдарменен сол шұбырған,
Жеттің, міне, құм еліне.
Атыраудың сор суырған
Маңғыстаудай түбегіне.

Әйтсе де, әлгі бозқараған
Әсті жерден қуат еміп.
Қайран ақын әр кез оған
Құйып жүрді су әкеліп.

Сарғалдақтар әлдеқанша
Салып ұя — жарасатын.
Саясында, сәл де болса,
Тынығатын Тарас ақын.

Еркіндікті қиялдағы
Ертелі-кеш етеді өлең.
Маңғыстауға қияндағы
Хат дегенің жетеді әрең.

Алды жылап қуаныштан:
Айрылысар туды сағат...
Бозқараған тым алыстан
Қолын оған тұрды бұлғап.

Жаңғырады жапан тұз...

Басады құм баяулап,
Жатқан ізді шұбалып,
Келеді олар жаяулап,
Бір құмыра су алып.

Туған мұнда Тұманбай,
Жоқ жанына алыс түк.
Сүйе алады кім ондай —
Бәрі таныс, бәрі ыстық.

Ауыл таныс, үй таныс,
Адаспайды эсте бұл!
Емес тіпті бейтаныс —
Қурап қалған сексеуіл.

Қара сирак қаншама —
Хабары жоқ уайымнан:
Қандай заман болса да,
Қалмайды олар ойыннан.

Қыздырады таласты,
Конған құстай ағашқа.
Атайды жүрт Таасты:
— Таразы,— деп қазақша.

Оған жиі келеді:
— Оқытшы,— деп,— Таразы.
Қайтіп жауап береді.
Қылар қайтіп наразы.

Кенет күлім қақты да,
Бір тал шөпті тез алып:
— Ұста,— деді,— қаттырақ,
Енді құмға жазалық.

Бір әріпке — бір әріп
Тіркестірді толғана.
Шықты сөйлем құралып:
«Жаңғырады көл, дала...»

Жатыр жазып бәрі де...
Жасамапты босқа еңбек:
Сол бір сөздер әлі де
Құмда сол бір өшкен жок.

Уақыт зырлап өтеді
Тұманбай: — Бол, жүр,— деді.
Сосын Тарас екеуі
Кетті аяңдап ілгері.

Салқар құмның құсы да
Сайрамайды у-шу бол.
Көрініп көз ұшынан,
Шырылдайды:
— Сү!
— Сү! — деп.

Тұманбай

Жұлқылап жел шалғайын
Ысқырады жыландаі.
— Қесеменен әрдайым,
Су беремін балдайын! —
Дейді күліп Тұманбай.

Жаңылмайды жолынан,
Жолықсаң да неше осы.
Кызғыштайын қорыған,
Түскен емес қолынан
Тұманбайдың кесесі.

Жасы қазір қаншада?
Дағдарасың біле алмай.
Кейде сорлы малшыдан,
Кейде зарлы жалшыдан
Айнымайды Тұманбай.

Жүзі тұнып зор мұңға,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Келгенінде ол мұнда,
Қазарманың алдында
Көрді Тарас ең алғаш.

Дейді ішінен: қорлық-ай,
Қөнбей ауыр азарға:
«Күтер ме едім мен бұлай,
Тұrap ма едің сен бұлай,
Тұрмедей ғой қазарма.

Жазықсыздан зар қағып,
Өзегіміз өртенді...
Сонда да мен толғанып,
Саз балшықты қолға алып,
Киялдаймын ертенді.

Фельдфебель ұрысып,
Жиі-жіі ұстасад...

Бұлінбеймін бұл үшін,
Бітсе деймін жұмысым:
Жатырмын ғой құс жасап.

Ән сал, құсым, кел бермен,
Қөңіл кірін жу, кәне!
Өлкемізге өң берген,
Кара орман мен тербелген
Қалың бидай туралы».

Үндемейді ол таңдана,
Өлкені аңсан ойлы бір.
Отыра алмай ал, бала,
Сипап оны таңдана:
— Бозторғай ғой,— дейді,— бұл!

— Осылай деп халықта
Атайды ма бұл құсты?
...Киял құсы қалықтап,
Көк жүзінде шарықтап,
Бозторғаймен бірге үшты.

Бозторғай

«Су, су...» дейді сұңқылдал,
Соңғы әніндей оның бұл.
Қауырсынын дымқылдал,
Қандырғалы шөлін бір...

— Сәл шыдай түр,— деп Тарас,
Құстың шөлін қандырды.
Міне, осынау сәтте, рас,
Үні қайта жаңғырды.

Қылмайтұғын көпті ығыр
Шырқады әнгे дәт қалмай.
Қылдай нәзік шекті бір
Қанатымен қаққандай.

Шырылына сүйкімді
Құлақ түрді бар алап.
Бүкір белді, ой-қырды
Кетті түгел аралап...

Самал есті даладан,
Самал есті көктемгі.
Жусан іісі және оған
Араласып кетті енді.

Тәтті әуенге ойлы өнір
Тербетілген шақ қандай,
Күміс жіптен бейне бір
Кілем тоқып жатқандай.

— Жаным жылып, жай табам,
Неткен ғажап ән мынау,
Туған жерге қайтадан
Оралғандай болдым-ау!

Алдан досым куанып,
Ақ ләйлектей үшты бір!..—
Деп Шевченко баланы
Бауырына қысты бір.

Тұр таң қалып Тұманбай,
Тұр шамадан толқып тыс.
Болғаны ма ғаламда
Бозторғайдан артық күс?!

Жақсы хабар

Кой көзді қыз ақырын
Сыбырлады міңгірлеп:
— Жатыр әкем шақырып,
Горич¹ атай, жүр-жүр,— деп.

¹ Горич — коменданттың қызы Наталья Ускова Тарас Григорьевич Шевченконы осылай атайдын.

Берілген бе бостандық?..
Бір осалдық білініп,
Болар, мүмкін, сасқандық
Кетті кенет сүрініп...

Наталья Ускова —
Құйттай қамқор сол еді,
Куанғаннан қос қолын
Тек шапактай береді.

Құлім қақты тәтті өмір,
Үркіт үрей дегенді...
Горич атай ақ көңіл,
Жолға жинал сен, енді.

Бәрі де артта бүгінде.
Наташамен достастың...
Бозқараған түбінде
Ол сенімен қоштассын.

Елпіл қағып, ес кетіп,
(Себеп дайын болса да),
Шақыратын кештетіп
Тұған күнгі самсаға.

Талай сурет болды әзір!
Қымбат сыйым осы деп,
Ұмытыпты ол қазір
Ұсынғанын неше рет.

Жүргегінде жатты өлең!
Қимай қызық қылығын,
Түзеп қойды еппенен
Натальяның тұлымын.

„Карлығаш“

Кешкі атырау толқындары тербелген,
Жатыр мылқау жартастарды ұрғылап.
Кенеп желкен көкірегін жел керген,
Бірте-бірте барады ұзап, бұлдырап.

Кеме заулап үшқан құспен жарысқан,
Файып болды жағалаулар арттағы.
Ағараңдап көз тартады алыстан
«Карлығаш» деп жазылған сөз борттағы.

Аты емес ол — тек осынау баркастың,
Бостандықтың хабаршысы тәрізді.
Естіледі құлағына Таразтың
Сияқтанып әсем сазды ән ізгі.

Сағыныштан сабыры әбден сарқылып,
Алдан бейне ақ ләйлегі күткендей,
Қеле жатыр алыш-ұшып алқынып,
Жүргегіне желкен — канат біткендей.

Жел ыскырса, көз қысады кел-кел деп,
Жұлдыз-шырақ секілді бір сырласы...
Қекжиектің ар жағынан көлбендең
Көрінеді Маңқыстаудың сұлбасы...

Қазір онда жатыр үйқтап солдаттар,
Бозқараған, Наталья, Тұманбай,
Бозторғай да — жаныменен толғап бар,
Сол өлкені жырға қосқан қия алмай.

Тарас кенет берілді ойға жаңа бір,
Көз алдынан өтті елестер қаптаған:
Аяулы өлке — асав өзен, дала, ауыл,
Алтын күннің шұғыласы аптаған.

Миығына күлкі үйіріле береді,
Түрі жоқ сәл көз шырымын алатын.
...«Карлығаш» та құстай ұшып келеді,
Келеді ұшып қағып желкен-қанатын.

Сәулелі саз

Сол бір жылдар өтті зырлап өлкеден,
Түйелердің керуеніндей байырғы...
— Қайырлы күн, оянғандар ертемен!
— Қайырлы күн, қайырлы күн, қайырлы!

Қарт Омархан көз тастады қашықтан,
Оған таныс күйге тұнған құллі алап.
Толқындарды кеудесімен басып паң,
Ертеменен жағалауға асыққан
Кемелерге тебірене тұр қарап.

Ал айнала — қызған құрылыш, мұнара,
Сымды баған айқыш-үйқыш ағылған.
Ақ сағымнан, ақ шағылдан бұл ара
Бірте-бірте алыстаған, арылған.

Өтті жылдар, күнгірт тартқан тұс, міне,
Басындағы бұлтты серпіп, ашылды.
Шынында да, Манғыстаудың үстінē
Шүлен уақыт шұғыласы шашылды.

Кең далаға күлімдейді күн ымдал,
Шаңқай түсте көрінсе де ол әрең...
Қек жүзінде бозторғайлар шырылдал,
Сәулелі саз құйылады төбеден.

Жатқан тегіс тұман басып, шық басып,
Шағылдар да сініреді әнді бұл.
Омарханның жаныменен жұптасып,
Осынау ән жаарлғандай мәңгі бір.

Ақсақалдың болар, бәлкім, есінде,
Бұл әуенде ертелі-кеш тынбаған,
Өмір сүрген осы өлкенің төсінде
Шевченко мен Тұманбай да тындаған.
(Аян саған, аян қазір бұл маған!)

Күн күйдірғен кең даланың көгінде
Дейсің тіпті бұдан өткен ән жоқ па?!
Сыңғыраған сәулелі саз бүгін де
Баяғыдай жатыр тарап жан-жаққа...

Әсерінен құдіреті күшті әннің
Әр күн сайын көрген емес айырып,
Даласына байтак Қазақстанның
Кобзарь данқы кетті қазір жайылып.

Ел жадынан естеліктер тыс қалмай,
Жан жүректі жылдытуда әлі онда.
Сөзі бейне қиялдағы құстардай,
Самғай үшып қалықтауда ғаламда.



МАЗМУНЫ

Жұлдызша

«Аврора» крейсері	3
Ал қызыл құлте	4
Москвада болғанда	—
Мерекелік моншактар	5
Жұлдызша	—
Пионерлік керуен	6
Таң нұры	7
Атты әскер	8
Әскери құпия	9
Бұлбұлдар	10

Дала қоңыраулары

Біздің жақта теңіз жоқ па?	12
Биік егін	13
Самал	—
Орақ кезінде	—
Дала қоңыраулары	14
Жел	15
Жүзім	16
Ән	—
Нұрлы жаңбыр	17
Тарастың құстары (поэма)	18

ДЛЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Вадим Скомаровский

ОРЕХОВЫЙ ДОЖДЬ

Стихи и поэма

(На казахском языке)

Редакторы — Осланов С. Суретшісі — Нұрмұханбетов Н. Көркемдеуші редакторы —
Ким С. Техникалық редакторы — Самойлова Л. Корректоры — Аскарғалиева А.

ИБ № 3170

Теруге 16.10.85 жіберілді. Басуға 26.06.86 қол қойылды. Форматы 60×90^{1/16}. Қазақы № 1. Қаріп түрі әдеби. Шығынды басылыс. Шартты баспа табагы 2,0. Есептік басылу табагы 1,32. Шығынцы болу көлемі 2,37. Тиражы 7000 дана. Заказ 1975. Багасы 10 тиын.

Қазак ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй. Қазак ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің қарасты «КИТАП» полиграфиялық көсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел енімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Карл Маркс көшесі, 15/1-үй.